

«БЕКІТЕМІН»

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ

Басқарма мүшесі – Ғылым және
коммерцияландыру жөніндегі проректор
Ж. Құрманғалиева

«02» 12 2025 ж.

Журналдың редакциялық саясаты және жарияланым этикасы

Журналдың мақсаты

Экономика ғылымдары саласындағы теориялық және қолданбалы зерттеулердің барлық бағыттары бойынша мұқият іріктелген түпнұсқалық ғылыми еңбектерді жариялау.

Тақырыптық бағыт

экономика (экономикалық теория, экономика және кәсіпкерлік, менеджмент, қаржы, есеп және аудит, талдау, мемлекеттік аудит, туризм).

Журналдың міндеттері:

- экономика саласындағы өзекті проблемалар бойынша зерттеулердің нәтижелерін жариялауға мүмкіндік беру;
- рецензиялау процесіне тиісті білім салаларындағы жетекші ғалымдарды, мамандарды тарту есебінен ғылыми басылымдардың әлемдік стандарттарын енгізу;
- отандық және шетелдік мамандандырылған дереккөздерде ғылыми жарияланым рейтингін арттыру;
- географиялық және институционалдық шегіне қарамастан отандық және әлемдік ғылымды жаңа идеялармен байыту;
- журналды «ашық қолжетімді» ғылыми басылым (*Open access*) ретінде әзірлеу;
- журналдың халықаралық деректер базасында және ашық электрондық ресурстарда болуын кеңейту;
- журналдың шетелдік оқырмандар үшін қолжетімділігі – ағылшын тілінде зерттеудің мәнін кеңінен мазмұндау (*Abstract*), кілт сөздерді (*Keywords*) жазу және латын әліпбиіндегі әдебиеттер тізімін (*References*) қоса жариялау.

Басылым тілдері:

Қазақ, орыс, ағылшын.

Мерзімділігі:

Жылына 4 рет.

Ашық қолжетімділік саясаты.

Ғылыми жарияланым саясатын іске асыру негізгі қағидатқа сәйкес жүзеге асырылады - зерттеу нәтижелеріне еркін ашық қолжетімділік жалпыға бірдей білімнің артуына ықпал етеді.

Мұрағаттау.

Қорды қалыптастыру және электрондық кітапханаға енгізу үшін ғылыми журналдың электрондық нұсқалары «ҰҒҒҰО» АҚ-ға ұсынылады. Журнал материалдарды Elibrary.ru, EBSCO сайттарында мұрағаттайды.

«Л.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы» редакциялық алқасы өз авторларына жарияланған материалдарды бөгде репозиторийлерге орналастыруға кедергі келтірмейді.

Жариялау шарттары.

«Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы» журналының редакциясына келіп түскен қолжазбалардың барлығы басылымның техникалық және өзге де талаптарына сәйкес келуі және редакциялық алқаның құрамына кірмейтін, ғылым кандидаты, докторы немесе тақырыпқа неғұрлым жақын ғылыми мамандануы бар PhD, тиісті білім саласын дамытуға елеулі үлес қосқан, рецензияланатын мақалалар тақырыбы бойынша мамандар болып табылатын екі тәуелсіз рецензенттің анонимді (екі жақты жасырын) рецензиялауынан өтуі тиіс. Алынған рецензиялар негізінде журналдың редакциялық алқасы шешім критерийлеріне сәйкес түпкілікті шешім қабылдайды: қабылдау – қолжазба түзетусіз немесе аз ғана түзетулермен қабылданады; аздаған түзетулермен қабылдау – қолжазба шамалы түзетулер енгізуді ескере отырып қабылданады; бас тарту – қолжазба жариялауға жарамсыз..

Шетелдік авторлар (Қазақстан Республикасынан қосалқы авторларсыз) мақалаларды тегін жариялай алады.

Лицензия беру.

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы» ғылыми журналы Creative Commons Attribution-NonCommercial 4.0 International (CC BY-NC 4.0) лицензиясымен тегін негізде өзінің контентіне тікелей ашық қолжетімділікті ұсынады. Авторлар өздерінің авторлық құқықтарын сақтайды және жұмыстың авторы көрсетілген және осы журналға сілтеме берілген жағдайда материалды еркін көшіруге және таратуға мүмкіндігі бар.

Мақалаларды қарау тәртібі

Қолжазбалар әр тоқсанның алғашқы 2 айында қабылданады.

1. Негізгі автор (корреспондент) журналдың электронды порталында тіркеліп, материалдарды екі файлда жүктейді.

Мақаланы редакцияға жіберу автордың (авторлардың максималды саны - 3 адам) Баспагердің мақаланы жарияланымның үш тілінің кез келгенінде журналда басып шығару/қайта басып шығару құқығына келісімін білдіреді

РҰҚСАТ ЕТІЛМЕЙДІ: журналдың бір санында бір автор 1-ден артық мақала жариялауына; журналдың қатарынан екі нөмірінде бір автордың мақала жариялауы. Мақала мазмұнына автор(лар) жауапты.

Редакция мақаланың түпкілікті нұсқасын алған күн мақаланың келіп түскен күні болып есептеледі. Редакция мәтінге мақаланың мағынасын бұрмаламайтын редакциялық өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

2. Материалдар журнал редакциясына келіп түседі. Журналдың техникалық хатшысы қолжазбаны алады және техникалық талаптарға сәйкестігін тексереді, плагиатқа автоматты тексерудің лицензиялық жүйесі (<https://antiplagiat.enu.kz/>) арқылы қолжазбаның орындалу дербестігін тексеруді жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша плагиатқа тексеру бойынша толық электрондық есеп жүктеледі. Түпнұсқалық деңгейі 75%-дан төмен болған қолжазба жариялауға жіберілмейді. Қолжазбаны плагиатқа тексеру жөніндегі электрондық есеп авторларға ұсынылмайды. Бұған дейін жарияланған мақалалар, олардың басқа тілдердегі аудармалары (қазақ, орыс, ағылшын және т.б.), сондай-ақ басқа журналдарға (басылымдарға) рецензиялауға ұсынылған мақалалар қарауға қабылданбайды. Журналдың техникалық хатшысы бұл туралы негізгі авторды/корреспондент авторды хабардар етеді. Егер мақала қабылданбаса, редакция бас тарту себептері бойынша пікірталас жүргізбеу құқығын сақтайды.

Техникалық хатшы түпнұсқалық шегінен өткен мақаланы бас редакторға (бағыт бойынша жауапты редакторға (бас редактордың орынбасары) жібереді. Бас редактор (бағыт бойынша жауапты редактор (бас редактордың орынбасары) мақаланы журнал тақырыбына сәйкестігін қарастырады. Сәйкес келмеген жағдайда журнал редакциясы авторға жариялаудан бас тартудың негіздемесі бар электрондық хат жібереді.

3. Бас редактор (жауапты редактор) бастапқы іріктеуден өткен әрбір мақала бойынша тиісті тақырып бойынша рецензентті, ғалымды немесе маманды айқындайды. Бұл процедура OJS (Open Journal Systems) жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

4. Техникалық хатшы мақаланы журналда жариялау мүмкіндігін анықтау мақсатында рецензентке плагиатқа тексеру бойынша толық есебі бар қолжазбаны (мақаланың анонимді мәтінін) жібереді.

Рецензиялау тәртібі

5. Журналда қосарлы (жасырын) рецензиялау рәсімі қолданылады: редакция рецензенттердің (2 тәуелсіз рецензент) және авторлардың аты-жөндерін ашпайды. Рецензент мақаланы алған сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде журналдың редакциясына мақалаға дәлелді рецензия береді. Барлық рецензияларда мақаланы жариялау (түзетумен немесе түзетусіз) немесе оны қабылдамау туралы ұсыныс болады. Барлық рецензиялар журналдың редакциясына келіп түседі.

6. Мақаланы журналда жариялау мүмкіндігі туралы шешімді журналдың редакциялық алқасы рецензенттердің қорытындылары негізінде қабылдайды. ***Теріс пікір алған және Редакция алқасы қабылдамаған мақалалар қайта қарауға қабылданбайды.*** Даулы жағдайлар туындаған кезде мақалалар бойынша түпкілікті шешімді журналдың бас редакторы қабылдайды.

Жариялау тәртібі

7. Жарияланым материалдың дайын болуына қарай жалпы кезек тәртібімен жүзеге асырылады. Редакция кезекті дайындалып жатқан шығарылымдардың айдарларына сәйкес қалыптастыруға құқылы.

8. Нөмірдің мазмұны анықталғаннан кейін техникалық хатшы мақалалар мәтіндерінің түзетілуін (ағылшын, қазақ, орыс тілдері) және журналдың беттелуін ұйымдастырады.

Жариялау этикасы

«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы» журналының редакциялық саясаты жарияланым этикасы комитетінің журнал редакторларына арналған ғылыми жарияланымдар этикасының қағидаттары жөніндегі нұсқаулықта белгіленген ғылыми мерзімді басылымдардың дәстүрлі этикалық принциптерін басшылыққа алады. (Committee on Publication Ethics: COPE, Promoting integrity in scholarly research and its publication | COPE: Committee on Publication Ethics).

Редакциялар ғылыми жарияланымның халықаралық стандарттарын (WAME (УЭЙМ), COPE (КОП), Хельсинки декларациясы) басшылыққа алады және ғылыми этика, авторлық құқық, рецензиялау үдерісі, деректердің тұтастығы, сондай-ақ авторлардың тіліне, жынысына, нәсіліне немесе этникалық тегіне байланысты кемсітушілікке жол бермеу және жарияланған мақалаларда жасанды интеллектіні пайдалану қағидаттарын ұстанады.

Ғылыми мақаланы әзірлеу барысында жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын пайдалану тек көмекші құрал ретінде – деректерді өңдеу, статистикалық талдау, тілдік редакциялау және визуализация үшін ғана рұқсат етіледі.

Мақаладағы ғылыми мазмұн, нәтижелерді интерпретациялау және тұжырымдар үшін толық жауапкершілік авторларға жүктеледі. ЖИ-ді колдану мақаланың тиісті бөлімінде (мысалы, «Әдістеме», «Алғыс айту» немесе төменгі сілтемеде) ашық түрде көрсетілуі қажет – ЖИ қай кезеңде және қандай мақсатта пайдаланылғаны нақты жазылуы тиіс (мысалы: "статистикалық өңдеу үшін ChatGPT/OpenAI/Gemini пайдаланылды").

Ғылыми нәтижелерді, гипотезаларды немесе мақаланың мазмұнын авторлық қатысуынсыз тек ЖИ көмегімен автоматты түрде жасауға жол берілмейді. Бұл талаптар сақталмаған жағдайда мақала қарастыруға қабылданбайды.

Тек авторлардың өздері тікелей жіберген түпнұсқа қолжазбалар ғана қарауға қабылданады.

Редакция төмендегілерге қатаң тыйым салады:

- ғылыми мақалаларды жазу, сату немесе ілгерілету қызметтерін көрсететін делдалдарды тартуға;
- академиялық адалдық қағидаттарын бұза отырып дайындалған материалдарды жариялауға ұсынуға;
- журналдың ресми рәсімдерінен тыс ақылы ілгерілету схемаларын пайдалануға.

Аталған қағидаттардың бұзылу белгілері анықталған жағдайда редакция мақаланы жариялаудан бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Редакциялық кеңес

Редакциялық кеңеске дәйексөз деңгейі жоғары жетекші ғалымдар, соның ішінде шетелдік университеттердің өкілдері кіреді. Кеңес мыналарға жауап береді: жарияланымдардың ғылыми деңгейін бағалау; редакциялық саясаттың сақталуын бақылау; басылымның даму стратегиясын қалыптастыру..

Индекстеу және дәйексөз келтіру (цитирование)

Журнал жетекші халықаралық деректерлерде (Scopus, Web of Science) индекстелуге ұмтылады. Бұл үшін мыналар қамтамасыз етіледі: нөмірлерді тұрақты жариялау; әрбір мақалаға DOI беру; халықаралық репозиторийлерде мақалаларды мұрағаттау.

Қолжетімділік және лицензиялау

Басылым ашық қолжетімділік саясатын (Open Access) ұстанады, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 101 бұйрығымен бекітілген «Мерзімді баспасөз басылымдарын, ақпараттық агенттіктерді және желілік басылымдарды есепке немесе қайта есепке қою» мемлекеттік қызмет көрсету Ережелеріне сәйкес (бұдан әрі - Ереже) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органда есепке қою туралы куәлігі бар (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20296 болып тіркелген), қол қойылатын индексі және халықаралық стандартты сериялық нөмірі ISSN (International Standard Serial Number). Бұл мыналарды қамтамасыз етеді:

- Ғылыми контентті еркін тарату.
- Авторлық құқықты сақтай отырып, материалдарды дәйексөз келтіру және пайдалану мүмкіндігі.

Авторларға қатысты саясат

Авторлар бұрын жарияланбаған немесе басқа басылымның қарауында жатқан түпнұсқалық зерттеулерді ұсынуға тиіс.

Барлық қосалқы авторлар жұмысқа елеулі үлес қосуы тиіс.

Зерттеулерді қаржыландыру көздерін көрсету талап етіледі.

Қателер болған жағдайда авторлар бұл туралы редакция алқасына хабарлауға және қажет болған жағдайда мақаланы кері қайтарып алуға міндетті.

Соңғы хат алмасудан бастап екі ай ішінде автордан кері байланыс болмаса, мақала қабылданбайды.

Рецензенттерге қатысты саясат

Рецензенттер материалдарды объективті және негізді бағалайды.

Қарау материалдарының құпиялылығы міндетті болып табылады.

Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда рецензент мақаланы бағалаудан бас тартуға міндетті.

Редакциялық алқаға қатысты саясат

Редакция алқасының мүшелері мақалалардың сапасына ерекше назар аударуға, журнал редакциясы алқасының отырыстарына қатысуға, мақала бойынша рецензенттердің шешімдерімен келісу (немесе келіспеу) туралы дәлелді шешім қабылдауға, журнал нөмірлерінің мазмұнын айқындау бойынша шешім қабылдауға міндетті.

Авторлардың географиялық алуан түрлілігін кеңейту жөніндегі жұмысты жүзеге асыру, әртүрлі ұйымдар мен елдерде жұмыс істейтін мамандарды жариялауға шақыру.

Автордың/авторлар ұжымының жынысына, ұлтына, дініне және басқа да жеке қасиеттеріне қарамастан қолжазбалардың интеллектуалдық мазмұнын бағалау.

Қолжазбамен байланысты авторлармен және ұйымдармен бәсекеге қабілетті, бірлескен және өзге де өзара іс-қимыл мен өзара қарым-қатынасқа байланысты мүдделер туындаған жағдайда қолжазбаны қарауға болмайды.

Бас редактор (Бас редактордың міндеттерін белгілі бір жағдайлар (іссапар, күтпеген жағдайлар және т.б.) туындаған жағдайда бас редактордың орынбасары орындайды):

- техникалық талаптарға сәйкестігі бойынша бастапқы іріктеуден өткен әрбір келіп түскен мақала бойынша рецензенттерді (тиісті тақырып бойынша ғалымдарды немесе мамандарды) айқындайды,

- рецензенттердің пікірлері мен материалды талқылау негізінде журналдың редакциялық алқасының отырысында ағымдағы нөмірдің мазмұнын анықтау бойынша келіп түскен материалды жариялау туралы түпкілікті шешім қабылдайды.

Редакция

Журналдың редакциясы авторларға ғылыми зерттеу нәтижелерін жариялау бойынша қызмет көрсету жөніндегі агенттіктермен жұмыс істемейді.

Редакция авторлардың, редакторлардың және рецензенттердің әдепсіз мінез-құлқы анықталған кезде қысқа мерзімде шешім қабылдауға міндеттенеді. Авторлардың әдепсіз мінез-құлқына өз мақалаларын тәуелсіз қарауға, шарттық және жалған шолуға, авторлар тізімін бұрмалауға, жалған мәтіндерді жариялауға, оларды бұрмалауға және дайындауға, дәйексөзбен айла-шарғы жасауға, плагиат, авторлық құқықты бұзуға және редакциялық процестердің құпиялылық принципін бұзуға, материалды басқа басылымдарға қатар беруге байланысты іс-әрекеттер жатады.

Егер қолжазбаны қарау немесе оны баспасөз алдында дайындау барысында автордың әдепсіз мінез-құлқы анықталса, редакция алқасы қолжазбаны одан әрі қараудан алып тастауға және автормен өзара іс-қимылды тоқтатуға құқылы. Автордың әдепсіз мінез-құлқы оның мақаласы жарияланғаннан кейін болған жағдайда (қатар жариялау фактілерін анықтау, авторлық құқықты бұзу, плагиат және т.б.), редакциялық алқа автордың әдепсіз мінез-құлқы туралы басқа журналдарды (мақала қатар жарияланған) хабардар ете отырып, мақаланы журналдың веб-сайтынан да, мұрағаттық және ғылыми индекстеу дерекқорларынан да кері қайтару (алып тастау, алып тастау) туралы шешім қабылдауға құқылы. Редакциялық алқа, егер оларды жариялауға (автордың әдепсіз мінез-құлқына) байланысты күрделі проблемалар табылмаса, жарияланымның күшін жою (бас тарту) туралы негізсіз шешімдер қабылдамауға міндеттенеді.

Журнал рецензенттері мен редакторларының әдепсіз мінез-құлқына авторлардың келісімінсіз мақала мәтіндерін басқа журналдарға беру, авторлардың материалдарын үшінші тұлғаларға беру, авторлық құқықты, редакциялық процестердің құпиялылық принципін бұзу, сондай-ақ қолжазбамен байланысты авторлармен және ұйымдармен бәсекелестік, бірлескен және өзге де өзара іс-қимыл мен қарым-қатынас салдарынан мүдделердің болуына байланысты көмекші материалдар жатады.

Қаралған қолжазбаларға немесе жарияланған материалдарға қатысты талаптар туындаған жағдайда Редакция алқасы тиісті ден қою шараларын қабылдауға міндеттенеді: бірінші кезекте мақала авторына түсіндіру сұралады. Тексеру автордан қанағаттанарлықсыз жауап алынған жағдайда ғана жүргізіледі.

Авторлардың, редакторлардың және рецензенттердің этикалық мінез-құлық нормаларын бұзудың жоғарыда көрсетілмеген ықтимал жағдайлары ғылыми жарияланымдар этикасы қағидаттары жөніндегі Комитеттің (Committee on Publication Ethics: COPE, Promoting integrity in scholarly research and its publication | COPE: Committee on Publication Ethics) нұсқаулығы негізінде қаралады.

Редакция бас редакторға, редакциялық алқа мүшелеріне, рецензенттерге журналда мақала жариялауға мүмкіндік береді, бірақ олар өз лауазымдарын пайдалана алмайды. Барлық мақалалар, соның ішінде арнайы басылымдардың жауапты редакторларының мақалалары да рецензиялау рәсімінен өтеді және журналдың редакциялық алқасының отырысында қаралады.

Жарияланған мақалаларда өрескел қателер (формулалардағы қателер, техникалық себептер бойынша көрсеткіштер) анықталған жағдайда түзетулер туралы ақпарат келесі нөмірлерде орналастырылуы мүмкін.

Бөтен жұмысты пайдалану және плагиат

Плагиатты тексеру <https://antiplagiat.enu.kz/> арқылы жүзеге асырылады.

Плагиатқа жол берілмейді, плагиат фактісі 50% құраған немесе мәтінмен айла-шарғы жасау фактісі анықталған мақала авторларына 1 жыл ішінде

журналға мақалалар жіберуге, оның ішінде қосалқы автор ретінде де рұқсат етілмейді.

Бірегейлік деңгейі 75%-дан кем емес.

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы» журналына мақала жіберу кезіндегі авторларға арналған нұсқаулар

Журналдың редакциясы авторлардан ережелермен (журнал туралы жалпы ақпаратты қамтитын журналдың редакциялық саясаты, мақалаларды қарау тәртібі, авторларға арналған нұсқаулық, жарияланым этикасы) танысуды және журналға жіберілетін жұмыстарды дайындау кезінде оларды ұстануды сұрайды. Белгіленген ережелерден ауытқу мақаланы жариялауды кешіктіреді.

1. Ғылыми мақала – бұрын жарияланбаған және жаңалығы бар авторлық әзірлемелерді, қорытындыларды, ұсыныстарды қамтитын ғылыми зерттеу, эксперименттік немесе талдамалық қызмет барысында алынған авторлық тұжырымдар мен аралық немесе қорытынды нәтижелерді баяндау.

Редакцияға мақаланы жіберу автордың Баспаның құқықтарына келісімін білдіреді – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті – мақаланы журналда жариялау және кез келген шет тілінде қайта басып шығару. Журналдың бір нөмірінде бір автордың (бірлескен автордың) 1-ден астам жарияланымына рұқсат етілмейді. Мақала мазмұнына автор(лар) жауапты.

2. Веб-сайтта ұсынылған техникалық стандарттарға және шаблонға сәйкес пішімделген қолжазба Ашық журналдар жүйесі (the Open Journal System, OJS) арқылы редакцияға жіберіледі.

Авторлар қолжазбаның екі нұсқасын ұсынуы керек:

- біріншісі - авторлар туралы мәліметтері (толық аты-жөні, жұмыс орны, авторлар туралы мәліметтер) бар мақаланың толық мәтіні;

- екіншісі – екі рет жасырын рецензиялауды жүргізуге арналған мақаланың анонимді мәтіні;

- сондай-ақ ұсынылған қолжазбаның дербес сипаты, мақаланы плагиатқа тексеруге келісу, әртүрлі дерекқорлар мен ақпараттық жүйелерге, оның ішінде баспагерге жарияланған және айрықша құқықтар берілген жағдайда толық мәтінді нұсқаларға енгізу туралы ілеспе хат (ілеспе хаттың үлгісі журналдың сайтында тіркелген).

Мақала файлдары нөмірленген болуы, мақала тақырыбының алғашқы 4-5 сөзімен аталуы керек (мысалы: 1. Шекті оқыту әдістемесі туралы — авторлары бар файл; 2. Шекті оқыту әдістемесі туралы – авторсыз файл).

3. Ұсынылатын мақаланың көлемі және әдеби көздердің саны: **шолулар (і10000 сөз және і100 әдеби көз), шағын шолулар (6000-10000 сөз және і50 әдеби көз), зерттеу мақаласы (і3500 сөз және і25 әдеби көз).**

Мақаланың көлемі 6 – 16 бет (3000-7000 сөз) (аңдатпа, кілт сөздер, әдебиеттер тізімі, референс, орыс, қазақ, ағылшын тілдеріндегі автор туралы мәліметтер кірмейді). Көрсетілген көлемнен асатын жұмыстар журналдың

редакциялық алқасының шешімі бойынша ерекше жағдайларда жариялауға қабылданады.

4. Мақаланың қолжазбасы **IMRAD** үлгісіне сәйкес құрылымдалған және үлгіге сәйкес Аннотация, Түйінді сөздер, Кіріспе, Материалдар мен әдістер, Нәтижелер, Талдау, Қорытынды және 1-Қосымшадағы үлгіге сәйкес басқа да құрылымдық бөліктерге бөлінуі керек. Шолу мақалаларында мақаланың құрылымы авторлардың қалауы бойынша (негізгі бөлім мен бөлімшелерге атау беру ұсынылады).

IMRAD-қа сәйкес ғылыми мақаланың құрылымы, үлгіні қараңыз:

1. Мұқаба беті (XFTAP, ORCID, мақаланың атауы, автор(лар)дың толық аты-жөні)

2. Жарияланым тіліндегі **Аңдатпа (Аннотация, Abstract)**, *орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде 150-200 сөз.*

3. Жарияланым тіліндегі **Түйін сөздер (Ключевые слова, Keywords)** 5-7 сөз немесе сөз тіркестері

4. **Кіріспе (Ключевые слова, Introduction)** 200 сөзден кем емес

5. **Әдебиетке шолу (Обзор литературы, Literature review)** 150 сөзден кем емес

6. **Зерттеу әдістері (Методы исследования, Research methods)** 200 сөзден кем емес

7. **Нәтижелер және талқылаулар (Результаты и Обсуждение, Results and discussion)**

8. **Қорытынды (Заключение, Conclusions)** 100–300 сөз, дереккөздерге сілтемесіз

9. **Алғыс айту, мүдделер қақтығысы (Благодарность, конфликт интересов, Gratitude, Conflict of interest)**

10. **Авторлардың қосқан үлесі (Вклад авторов, Authors' contribution)**

11. **Қаржыландыру туралы ақпарат (болған жағдайда), Информация о финансировании (при наличии), Information on funding (if any)**

12. **Әдебиеттер тізімі (Список литературы, References)**

5. Мақала Word форматында (бет – А4, кітап форматы, барлық жағынан жиектер – 20 мм. шрифт түрі– Times New Roman, өлшемі – 14 кегль) ұсынылуы тиіс. Қалған дизайн шарттары үлгіде келтірілген (1 Қосымшасы).

Мақала редакцияға Open Journal System (OJS) жүйесі арқылы Word форматында (қаріп - Times New Roman, қаріп өлшемі - 14 пт, жоларалық интервал - бір, ені бойынша тегістеу, жол шегінісі - 12,5 мм, барлық жағынан жиектері - 20 мм) ұсынылады.

6. **Кестелер** тікелей жұмыс мәтініне енгізіледі. Олар нөмірленіп, жұмыс мәтінінде оларға сілтеме жасалуы керек. Суреттер мен графиктер стандартты форматтардың бірінде ұсынылуы керек: TIFF, JPEG, PNG. Растрлық кескіндер 600 нүкте/дюймдік рұқсатпен жасалуы керек. Барлық мәліметтер сандарда көрсетілуі керек. Басқа дереккөздерден алынған сандарды пайдаланған кезде

бастапқы дереккөзге сілтеме ((18) немесе Бейімделді және қайта сызылған (18)) және бұрын жарияланған материалды пайдалануға рұқсат (Рұқсат) қажет.

7. Әдебиеттер тізімі АРА (7-басылым) стиліне сәйкес рәсімделуі тиіс (1-қосымша, үлгі). Жарияланбаған жұмыстарға сілтеме жасауға болмайды. Тізімде соңғы 10 жыл ішінде жарияланған дереккөздердің кемінде 50% болуы керек.

8. Келтірілген дереккөздердің библиографиясын транслитерациялау міндетті болып табылады. Транслитерация <http://translit-online.ru/> сілтемесі бойынша онлайн-аудармашының көмегімен жүзеге асырылады. Бұл онлайн аудармашы қазақ әліпбиінің нақты әріптерін транслитерацияламайды. Мұнда қазақша мәтінді транслитерациялаудан кейін авторлар келесі ережелерді басшылыққа ала отырып, түзетулер енгізуі керек: __

ә	ғ	ң	ө	ү	ұ	қ	і
a	g	n	o	u	u	k	i

Мақаланың дизайн үлгісі шаблонда ұсынылған (1 Қосымшасы).

7. Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қаласы, Қажымұқан көшесі, 11, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, № 5 корпус (ОЗК), 514 бөлме. Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 32-514).

8. Жарияланым үшін төлем

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы» журналында мақаланы жариялау үшін ақы төлеу мақаланы жариялау сәтінде қолданылып жүрген «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ басқа да ақылы қызметтер құнының Прейскурантына сәйкес жүзеге асырылады.

Шетелдік авторлар (Қазақстан Республикасынан қосалқы авторларсыз) мақалаларды тегін жариялай алады.

DOI жарияланым есебінен қамтамасыз етіледі.

9. Реквизиттер: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» АҚ БСН 010140003594

1) «Банк ЦентрКредит» АҚ Банк БСК: KСJBKZKX KZ978562203105747338 Кбе 16 Кнп 859 – мақала үшін

2) «Банк РБК» АҚ Банк БСК: KINCKZKA ИС: KZ498210439858161073 Кбе 16 Кнп 859 – мақала үшін

3) Мақала үшін төлемді Kaspi.kz қосымша немесе QR арқылы төлеуге болады. Kaspi.kz мобильді қосымшасын ашыңыз.



Kaspi QR

Қызмет ақысын төлеу
Оплата за услуги



1

Каспи QR-ды
сканерлеңіз
Сканируйте Kaspi QR

2

Жолдарды
толтырыңыз
Заполните поля

3

Төлеңіз
Оплатите

Қосымшада «Төлемдер», Білім беру > Қосымша білім беру > Ұйымды таңдаңыз (ЕҰУ Хабаршысы) таңдағыз.

- 1, Автордың аты-жөні
- 2, Автордың ЖСН
- 3, Журнал сериясын таңдау (тізімнен)
- 4, Сомасы

10. Басылымдардың мерзімділігі

Журнал жылына 4 рет **басылымдар** шығарады. Мақалалар халықаралық стандарттарға сәйкес редакцияда белгіленген мерзімде қабылданады және жарияланады.

Байланыс ақпараты

Журнал редакциясы ынтымақтастық үшін ашық және редакциялық саясатты жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қабылдайды. Барлық сұрақтар журналдың ресми электрондық мекен-жайына жіберіледі.